

«6D011100-Информатика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Буканова Асель Кайратовнаның «Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихын оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

## ШҚІРІ

Бүгінгі таңда әлемді цифрлық технологиясыз елестету мүмкін емес. Еліміздегі цифрландыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр және ол өмірдің барлық мүмкін салаларын қамтуда.

Цифрлық технологияларды енгізу негізінде кәсіби қызметтің мазмұны мен сипатын жылдам өзгерту білім берудің басқа деңгейі мен сипатын талап етеді. Мектептің бәсекеге қабілетті түлектерін даярлау мәселесі қажетті білім беру нәтижелерін алуды қамтамасыз ететін жаңа білім беру ортасында жұмыс істей алатын мұғалімдерді даярлау тәсілдерін өзгерту туралы мәселе туғызады. Қазіргі педагог тек педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытылатын информатика тарихы курсының мазмұнына кіретін цифрлық технологиялар саласында білімге ие болып қана қоймай, сонымен қатар кәсіби міндеттерді шешу үшін өзінің педагогикалық қызметінде цифрлық технологиялар мен оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану бойынша маман болуы қажет. Цифрландырудың үлкен әлеуеті бар, ол әдістемені және оқу процесінің әр кезеңін толығымен өзгерте алады. Әсіресе жоғары білім беру саласында онлайн курстар, тренингтер және білім алудың инновациялық әдістері үлкен сұранысқа ие. Тәжірибе көрсеткендей, білім беруді дамытудың соңғы онжылдықтары көптеген жаңа әдістер мен тәсілдердің пайда болуымен ерекшеленді. Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді даярлау сапасын едәуір арттыру үшін білім беруді цифрландырудың қазіргі жағдайында оқу процесін ұйымдастырудың неғұрлым барабар тәсілдерін іздеудің ғылыми-әдістемелік мәселесі туындайды.

Буканова Асельдің диссертациялық жұмысында білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсының оқытудың әдістемесі қарастырылған.

Докторанттың зерттеу жұмысында ғылыми жаңалықтар келесідей: болашақ информатика мұғалімдерін дайындауда цифрлық білім беру технологиялары негізінде информатика тарихын оқытуды жетілдірудің қажеттілігі негізделді, білім беруді цифрландыру жағдайында информатика тарихы курсының мазмұны іріктелді, информатика тарихы курсы бойынша төңкерілген оқыту ресурсы дайындалды, болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихы курсының төңкерілген оқыту ресурсы пайдаланып оқыту әдістемесі жасалды.

Диссертация мазмұны бойынша зерттеу нәтижелері 10 жарияланымда көрініс тапқан, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін журналдарда – 1, Web of Science деректер базасына кіретін ғылыми-практикалық

конференциялар жинағында – 1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған басылымдарда – 4, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинақтарында – 4 (оның ішінде, шетелдік конференциялардың материалдар жинақтарында – 2) жарық көрді.

Докторант ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында информатиканы оқыту әдістемесі саласы бойынша алған өзінің теориялық білімін тәжірибеде қолдана білетін, зерттеуші ретінде көрсете алды.

Буканова Асель Кайратовнаның 6D011100–Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдеріне информатика тарихын оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық аяқталған, қойылатын талаптарға сай орындалған жұмыс деп есептеп, көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-ның  
қауымдастырылған профессоры,  
педагогика ғылымдарының кандидаты



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ  
КАДР СЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ  
ЗАБЕРЯЮ: **Ошанова И.Б.** РУКОВОДИТЕЛЯ  
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ  
НАО «КазНПУ им Абая»  
ҚОЛЫ  
ПОДПИСЬ \_\_\_\_\_